


Бекітемін:
«ЕрТөстік» бөбекжайының
әдіскері:  Курманиязова.Л

Білім беру ұйымы: «ЕрТөстік» бөбекжайы
Топ: «Өркен» ерте жас тобы
Балалардың жасы: 1 жасан
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10.23 - 03.11.2023ж.
Қараша айы 1-апта
Педагогтың аты-жөні: Махатова.А Селикова.М

ТӘРБИЕЛЕУ-БЫЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.10.23	Сейсенбі 31.10.23	Сәрсенбі 01.11.23	Бейсенбі 02.11.23	Жұма 03.11.23
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашу үшін не істеу керек?", "Табиғи азық-түлік және баланың денсаулығы", "Дәрумендер жемістерде ғана ма?"				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	Оқу іс-әрекетіне қажетті жабдықтар мен материалдарды дайындау. Тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруды үйрету,	Табиғат бұрышын бақылау: табиғат бұрышындағы өсімдіктер күн сәулесінде тұрғанына назар аударту, күн тек адамға ғана емес,	Балалардың назарын конструктордың қорапқа жиналып тұрғанына аудару. Олар шашылып жатса, оларды жинау керектігін түсіндіру.	Еңбек тапсырмасы: "Ойыннан кейін топтың ішін жинау". Балалардың тазалыққа деген ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтар	Бөлме өсімдіктері ыдыстарының топырағы құрғақ екеніне назар аудару, оларды суару керектігін айту, суару үшін су сепкішті

және басқалар)	балаларды оқу іс-әрекеті үшін материалдар мен жабдықтарды ұқыпты жинауды үйрету.	өсімдіктерге де қажет; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынын көрсету. Еңбек тапсырмасы: жапырақтарды шүберекпен сүртіп көрсету.	Еңбек тапсырмасы: конструктордың бөлшектерін қорапқа жинау.	жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру.	пайдаланып, бөлме өсімдіктеріне су құю керек. Еңбек тапсырмасы: гүлдерді су сепкіш арқылы суару.
Танертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) 1. «Қанат қағып қарлығаштай» жаттығуы. Бастапқы калып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 – "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айкастыру; 2 – "Қарлығаштай қанатты артқа қағайық" деп артына созып айкастыру; 3 – "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айкастыру; 4 – "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. «Сағат тіліндей қозғалайық». Бастапқы калып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. «Билетейік аяқты» жаттығуы. Бастапқы калып – аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын,» - дейді.				

	Дана, басқалардан қалма, Ананның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмдіні тауысайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бөсендеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Не әкелдің, жомарт күз? - Бір қап көгөніс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Дәмі тәтті жеміс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Саңырауқұлақ пен жаңғақ. - Не әкелдің, жомарт күз? - Суық жел әкелдім, алтын жапырақ Жаңбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім. - Абайлар! Қысқа дайындалыңдар! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дене шынықтыру Мүсіндеу	Сөйлеуді дамыту Музыка	Дене шынықтыру Көркем әдебиет	Сенсорика	Дене шынықтыру Қоршаған орта
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Біз мергенбіз". Мақсат-міндеттері. Балаларда жағымды	Сөйлеуді дамыту Жемістер мен көгөністер Мақсат міндеттері:	Дене шынықтыру "Доптарды лақтыруды үйренейік"	Сенсорика Жапырақтар Мақсат міндеттері: Балаларға біркелкі	Дене шынықтыру "Бізге жүк машинасы бар" Мақсат-міндеттері.

эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспа (лента) арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру; ептілікті дамыту; тәуелсіздікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Балаларды жеміс пен көгөніс түрлерімен таныстыру; ойын барысында оларды өсетін жеріне қарай көгөністер мен жемістерге тобына біріктіріп айтуды үйрету; көгөніс түрлерінің бақшада, жемістердің бау-бақшада өсетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру; жемістер мен көгөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру; балалардың тілін, ой-өрісін, жағымды эмоцияларын дамыту ; адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.	Мақсат-міндеттері. Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру біліктерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін ортақ қасиеттері бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштық, таным және сөйлеу	заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруді және ажыратуды үйрету; пішіндердің қасиеттерін қоршаған ортадағы заттардың арасынан тауып ауды, ажыратуды жаттықтыру; пішіндерді үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортақ қасиеттері бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштық, таным және сөйлеу	Баланы берілген бағытта затты қатты итеруге немесе лақтыруға үйрету; бастың артынан қашықтыққа лақтыруға үйрету; допты екі қолмен кеудеден төмен және алға лақтыру қабілетін жетілдіру, лақтыру біліктерін кеңейту; дененің, қолдың және саусақтың бұлшықеттерін дамыту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларын дамыту.
"Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау; ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің	Музыка "Күз бізге сыйларын тарту етеді" Мақсат-міндеттері. Баяу сипаттағы әуенге жай екпінмен жүру. Әнді басынан	Көркем әдебиет Саусақ санамағы Мақсат міндеттері: Балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауды	Қоршаған орта Саңырауқұлақ Мақсат міндеттері: Балаларға жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы және өсуі туралы туралы түсінік беру; ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ	

	тәсіліне үйрету; мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту; балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу.	аяғына дейін жаттап айту. Балалардың үйлесімді дамуына ықпал ету. Өртүрлі өнерге деген қызығушылықтарын, бала өнерінің дамуына ықпал ету.	үйрету; отбасы мүшелерін саусак атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру; балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; ересек адаммен еркін эмоционалдық қатынасқа түсу қабілетін қалыптастыру; отбасы мүшелерін жақсы көру сезіміне тәрбиелеу.	бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту; балалардың қоршаған заттар қасиеттеріне қызығушылықтарын ояту; ойындар барысында жағымды эмоционалды қатынастарды сақтай білуге тәрбиелеу.	туралы алған білімдерін жетілдіру; жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы түсініктерін кеңейту; тілін, эмоциялық қабылдауын дамыту; күзгі табиғат құбылыстарына қызы ғушылықты ояту; табиғатқа сүйіспеншіліктерін арттыру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Жылы су, жылы су, Біздің қолымызды жу. Ақ сабын көпіріп, Біздің бетімізді жу				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Аула	Ағаштарды	Желді бақылау.	Күнді бақылау.	Топырақты

тазалаушының еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. Қ. Мырзалиев "Көше тазалаушы". Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды,	бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. - Балалар, ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. (Д. Ахметова) "Қаздар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылғанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-	бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Інде нелер жысырынды? "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту,
---	--	--	---	--

түймелерді, тиекті. Шикылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шаппандыққа тәрбиелеу.	- Күзде жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларды көркем сөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңағактарды күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.	тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.	жаққа. "Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан- жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.	көркем сөз) Максат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әлебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Таза сумен Арман, Беті-қолын жууды.			

	Оған карап Балжан, Суға қолын созды.
Түскі ас	Мақсат-міндеттері: балаларды беті мен қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғызуда назарын үстел бетіне, ыдыс-аякқа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу қажеттілігін түсіндіру. Тамақтың алды-артында, Қолыңды бала жуып жүр. Кір қолмен бастауға, Болмайтынын біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)
Түскі ұйқы	Тәрбиеші балалардың дұрыс ретпен шешінуін және өз заттарын орындыққа ұқыпты жинауын қадағалайды. Балалар біртіндеп жатын бөлмеге өтеді, тәрбиеші оларға тыныш, сөйлемей жүрулерін ескертеді. Жатын бөлме іші тыныш болуы керек. Балалар өз төсектеріне ыңғайлы орналасқанын, әрқайсына жақындап, көрпелерді түзеп, басына салып, тыныш ұйықтауды қалайтындарын тексеру қажет. Тәрбиеші балаларға көзді жабуды ұсынады және оларға кішкентай ертегіні тыныш, мейірімді дауыспен оқиды. Балалардың ұйқысы кезінде тәрбиеші жатын бөлмеде болуы және балаларды қадағалауы тиіс. (дербес әрекет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалардың ұйқыашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру. Жағымды эмоционалды көңіл күй ортасын жасау, ұйқыдан ояғанда сергек болып үнемі қуанып, күліп жүруіне жағдай жасау. Ояндық па бәріміз? Бір-бірімізге қараймыз. Күлімдейміз бәріміз. Керіліп созылып, Ақырын қане тұрамыз. Орнымызда жүреміз, Енді доп болып секіреміз. Адымдап жүреміз (дербес әрекет, көркем сөз)
Бесін ас	Мақсат-міндеттері: балаларды беті-қолын жууға ынталандыру; таңғы асқа отырғанда назарын үстел бетіне, ыдыс-аякқа, тағамға аудару; жағымды көңіл-күй тудыру; тамақтану мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс ұстауға машықтандыру; тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу қажеттілігін түсіндіру. Тамақтың алды-артында,

Қолыңды бала жуып жүр. Кір қолмен бастауға, Болмайтынын біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау) Мақсат-міндеттері: тәрбиешінің сөзін тыңдауды, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауды үйрету.	Ойын-имитация. "Алдымызда жолдар жатыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлікті жүргізу қимылдарына еліктеуді үйрету; көлік жүргізуші және жолда жүру туралы ұғымдар беру; барлық баламен бірге жағымды көңіл күйге бөлене білу қабілетін дамыту.	"Түстерін тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді анықтауға баулу; қабылдау, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар орналастырылған. Текшелер қызыл, шарлар жасыл түсті болады. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша ажырату. Баулармен ойын. (сенсорика)	"Үлкен - кішкентай" ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларға заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету. Ойыншықтар үлкен қорапқа салынған. Тапсырма: ойыншықтарды "үлкен", "кішкентай" бойынша жіктеу. (сенсорика)	"Топ-топ басайық" ойын. Мақсат-міндеттері: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету; аяқ бұлшық еттерін нығайту. Қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу. Топ, топ, топ басайық. Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн! (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Музыкалық-ритмикалық жаттығу. "Сикырлы	"Жемістер". Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып	"Шарлар". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың	

	саусақтар" Бала, бала балақан, Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбәт, Былай, былай ойнат. «Тық-тық» дыбыс шықты Басбармақ тақылады. Артынан саусақтарының Барлығы мақұлдады. (сөйлеуді дамыту, музыка)	піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. (Д. Ахметова) (сөйлеуді дамыту)	(мүсіндеу)	моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	"Киіну-шешіну". Мақсат-міндеттері: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету.			
Серуен	Қ\о: «Қаздар»	Қ\о: «Кім тыныш»	Қ\о: « Күн мен түн»	Қ\о: « Мысық пен көксерек»
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (дербес қимыл әрекеті)			
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)			

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін кайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). (сенсорика) Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. (сенсорика) Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. (сенсорика) Максат-міндеттері: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: (1/2 мөлшері) әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Күз әніне байланысты әнді жаттау. (музыка) "Шалқан" ертегісін сахналау (көркем әдебиет) Максат-міндеттері: ертегі әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Балаларға ертегіні оқып беру. Кейіпкерлермен таныстыру. Ертегі кейіпкерлерінің суреттерін қолдана отырып, ертегіні тыңдауды үйрету. Фланелеграфта ертегіні сахналау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ қол моторикасын дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Әңгімелесу. "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабарлар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көгеніске аллергиясы барын анықтау".